



"Кеме қатынасы гидротехникалық жабдығын күтіп ұстау" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 918 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 19 желтоқсанда № 8979 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 224 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Кеме қатынасы гидротехникалық жабдығын күтіп ұстау» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Кадр және әкімшілік жұмыс департаменті (Е.Е. Хасенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, бұқаралық ақпараттар құралдарында ресми жариялануын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы «Әділет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға көшірмесін жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
элеуметтік қорғау министрінің
міндетін атқарушы
Қ. Әбсаттаров

2013 жылғы 4 қараша

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрінің

2013 жылғы «20» қарашадағы

№ 918 бұйрығымен

бекітілген

«Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды күтіп ұстау кәсіби стандарты»

1. Жалпы бөлім

1. «Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды күтіп ұстау» кәсіби стандарты (бұдан әрі - КС) «Су көлігі саласындағы қызмет» кәсіби қызмет саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайды және:

1) еңбек саласы мен кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын р е т т е у г е ;

2) даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу талаптарын регламенттеуге;

3) персоналды аттестаттау және сертификаттау кезінде жұмысшылардың құзыреттерін бағалау талаптарын регламенттеуге арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары, ұйымдардың персоналын басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. КС негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулықтар, ұйымдардың үлгілік оқыту бағдарламалары, үлгілік оқыту жоспарлары, ұжымдық стандарттар әзірленеді.

4. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің еңбек қызметінің белгілі бір түрі шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметтерінің стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі параметрлері бойынша жүктелетін қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек заттары – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталған зат;

4) еңбек құралдары – жұмысшының еңбек заттарын бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіктердің тұтас жиынымен құралған кәсіби қызмет саласының құрамдас б ө л і г і ;

6) еңбек функциясы – бизнес-үдеріспен анықталатын және оларды орындауға қажетті құзыреттердің болуын болжамайтын еңбек қызметінің біріктірілген және дербес жиынтығын көрсететін еңбек қызметі түрлерінің бір бөлігі;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарттың бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, қатысымды дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасы тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қ а б і л е т і ;

11) лауазым – лауазымдық уәкілеттіктер және лауазымдық міндеттер шеңберін жүктейтін жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

12) міндет – нақты бір еңбек заттары мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты і с - қ и м ы л ж и ы н т ы ғ ы ;

13) сала – өндіретін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ ұйымдар жиынтығы;

14) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада танылатын

біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

15) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) функционалдық карта – сол немесе өзге де кәсіби қызмет саласы шеңберінде белгілі бір қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. КС паспорты мынаны анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіптік қызмет саласы):

Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктегіші (бұдан әрі – 03-2007 ҚР МЖ) «52.22 Су көлігі саласындағы қызмет»;

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты:

кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды күтіп ұстау;

3) осы КС 1-қосымшасына сәйкес біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері.

3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсіптің) карточкалары

1-параграф «Гидроқұрылыстарды қадағалаушы»

6. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 5, СБШ бойынша – 5;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі – ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: жоқ;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: гидроқұрылыстарды қадағалаушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - бақылау жүргізуге қатысу арқылы кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыс (бұдан әрі - КҚГҚ) жағдайын қадағалау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Гидроқұрылыстарды қадағалаушының» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 1-кестесінде келтірілген.

2-параграф «Техник-гидротехник»

7. Еңбек қызметі түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4, СБШ бойынша – 4;
- 2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 3143 «Техник-гидротехник»;
- 3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: техник-гидротехник;
- 4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - КҚГҚ пайдалану және жөндеу бойынша міндеттерді біршама білікті мамандардың басшылығымен о р ы н д а у ;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Техник-гидротехниктің» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» 2-кестесінде келтірілген.

3 параграф «Инженер-гидротехник»

8. Еңбек қызмет түрлерінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ – 5, СБШ – 5;
- 2) Қазақстан Республикасының кәсіптерді мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі – ҚР КЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 2142 «Инженер -гидротехник»;
- 3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: инженер-гидротехник;
- 4) атқарылған еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - гидротехникалық құрылыстардың жағдайын бақылау, жинау және талдау, сондай-ақ кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстары бойынша жобалық құжаттамаларды әзірлеуге қатысу және есептесулерді орындау;
- 5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Инженер-гидротехниктің» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» 3-кестесінде келтірілген.

4 параграф «Аға гидротехник»

9. Еңбек қызмет түрлерінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ – 5, СБШ – 5;
- 2) Қазақстан Республикасының Кәсіптерді мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі – ҚР КЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 2142 «Аға гидротехник»;
- 3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: аға гидротехник;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарын пайдалану (КҚГҚ техникалық жағдайын бақылау) мен жөндеуге, сондай-ақ оларды жобалауға қатысу;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшылардың кәсіби білімі мен оқыуна қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Аға гидротехниктің» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» 4-кестесінде келтірілген.

5 параграф «Бас гидротехник»

10. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ – 6, СБШ – 6;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптерді мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі – ҚР КЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 1226 «Бас гидротехник (көлікте)»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: бас гидротехник;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарын жобалауды, пайдалану мен жөндеуді, сондай-ақ құрылыстың жүзеге асырылуына, кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарын тарату және қайта құру, оларды пайдалануға енгізуді ұйымдастыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшылардың кәсіби білімі мен оқыуна қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Бас гидротехниктің» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» 5-кестесінде келтірілген.

6 параграф «Шлюздің жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары»

11. Еңбек қызмет түрлерінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ – 6, СБШ – 6;

2) Қазақстан Республикасының Кәсіптерді мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі – ҚР КЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 1226 «Гидроторап бастығы»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: шлюздің жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - КҚГҚ бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру; шлюздің қоймадағы шаруашылық жұмысын, сондай-ақ

шаруашылық мақсатқа бөлінген материалдар мен қаражаттардың орынды жұмсалуды ұйымдастыру; қажетті есептер мен есептік құжаттамаларды жүргізуді ұйымдастыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшылардың кәсіби білімі мен оқыуна қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Шлюздің жалпы мәселелер жөніндегі орынбасарының» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» 6-кестесінде келтірілген.

7 параграф «Шлюздің бас инженері»

12. Еңбек қызмет түрлерінің (кәсіп) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ – 6, СБШ – 6;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптерді мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі – ҚР КЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 1229 «Бас инженер (басқа да салаларда)» ;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: шлюздің бас инженері;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - КҚГҚ техникалық қызмет көрсету және қаражатпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және бақылау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшылардың кәсіби білімі мен оқыуна қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Шлюздің бас инженерінің» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» 7-кестесінде келтірілген.

8 параграф «Шлюз бастығы»

13. Еңбек қызмет түрлерінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ – 6, СБШ – 6;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптерді мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі – ҚР КЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 1226 «Гидроторап бастығы (шлюз)»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: гидроторап бастығы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - КҚГҚ бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету және күтіп ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және бақылау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшылардың кәсіби білімі мен оқыуна

қойылатын талаптар, біліктілігі растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Шлюздің бас инженерінің» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» 8-кестесінде келтірілген.

4. КС бірліктерінің тізімі

14. КС бірліктерінің тізімі осы КС 3-қосымшасының 1-8-кестелерінде келтірілген және шифр мен КС бірліктері атауларынан тұрады.

5. КС бірліктерінің сипаттамасы

15. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасының 1-8-кестелерінде келтірілген.

6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

16. Осы КС негізінде мамандардың кәсіптік дайындығын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы ұйымдармен сертификаттар беріледі.

17. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері сертификат алу үшін игеру қажет болатын осы КС 3-қосымшасында көзделген КС бірліктерінің тізіміне сәйкес анықталады.

7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркеуі

18. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі болып табылады.

19. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында келтірілген.
«Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды күтіп ұстау» кәсіби стандартына 1-қосымша

Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері

№ р/с	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдісі ескерілген кәсіп атауы	ҚР МЖ 01-2005 сәйкес кәсіп атауы	СБШ-ның біліктілік деңгейлері	БТБА бойынша дәрежелер

1	Бақылау жүргізуге қатысу арқылы КҚГҚ жағдайын қадағалау	Гидроқұрылыстарды қадағалаушы	-	3	4
2	КҚГҚ пайдалану және жөндеу бойынша міндеттерді біршама білікті мамандардың басшылығымен орындау	Техник- гидротехник	Техник-гидротехник (3112)	4	-
3	Гидротехникалық құрылыстардың жағдайын қадағалау, жинау және талдау, сондай-ақ кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстары бойынша жобалық құжаттамаларды әзірлеуге қатысу және есептесулерді орындау	Инженер-гидротехник	Инженер-гидротехник (2142)	5	-
	Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарын пайдалану, КҚГҚ техникалық жағдайын бақылау және жөндеу бойынша қызметтер, сондай-ақ оларды жобалауға қатысу	Аға гидротехник	-	5	-
	Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарын жобалауды, пайдалану мен жөндеуді, сондай-ақ құрылыстың жүзеге асырылуына, кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарын тарату және қайта құру, оларды пайдалануға енгізуді ұйымдастыру	Бас гидротехник	Бас гидротехник (көлікте) (1226)	6	-
	КҚГҚ бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру . Шлюздің қоймадағы шаруашылық жұмысын, сондай-ақ шаруашылық мақсатқа бөлінген материалдар мен қаражаттардың орынды жұмсалуды ұйымдастыру. Қажетті есептер мен есептік құжаттамаларды жүргізуді ұйымдастыру	Шлюздің жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары	Гидроторап бастығы (1226)	6	-

КГҚК техникалық қызмет көрсету және күтіп ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және бақылау	Шлюздің бас инженері	Бас инженер (басқа да салаларда) (6 1229)	-
КҚГК техникалық жағдайына басшылық жасау, жұмыстарды ұйымдастыру және қамтамасыз етілуін бақылау	Шлюз бастығы	Гидоторап бастығы (шлюздің) (1226)	6 -

Ескертпе: БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы («Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын бекіту туралы (52 шығарылым)» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 426-ө-м бұйрығына қосымша (52 шығарылым), (Нормативтік актілерді мемлекеттік тіреу тізілімінде № 8770 болып тіркелген), 4 бөлім: «Теңіз және өзен көліктері»).

«Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды күтіп ұстау» кәсіби стандартына

2-қосымша

1-кесте

1. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Гидроқұрылыстарды қадағалаушының еңбек жағдайларына, білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Гидротехникалық кеме қатынасы жүйелері мен ғимараттарды, олардың механикалық жабдықтарын жобалауды, пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары	18 жастан кіші емен	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	СБШ біліктілік деңгейі
3 (Гидроқұрылыстарды қадағалаушы)	Жалпы орта білім	3 (Гидроқұрылыстарды қадағалаушы)

2-кесте

2. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Техник-гидротехниктің еңбек жағдайларына, білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Гидротехникалық кеме қатынасы жүйелері мен ғимараттарды, олардың механикалық жабдықтарын жобалауды, пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар.
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4 (техник-гидротехник)	Техникалық және кәсіптік білімі туралы диплом	Жұмыс өтіліне ешқандай талап қойылмайды

3-кесте

3. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженер-гидротехниктің еңбек жағдайларына, білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Гидротехникалық кеме қатынасы жүйелері мен ғимараттарды, олардың механикалық жабдықтарын жобалауды, пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары		жоқ
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
5 (инженер-гидротехник)	Техникалық және кәсіптік білімі туралы диплом	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес

4-кесте

4. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Аға гидротехниктің еңбек жағдайларына, білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Гидротехникалық кеме қатынасы жүйелері мен ғимараттарды, олардың механикалық жабдықтарын жобалауды, пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар.
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		Жоқ

Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары		Жоқ
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
5 (Аға гидротехник)	Жоғары (техникалық) білімі туралы диплом	Инженерлік-техникалық лауазымдардағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес

5-кесте

5. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Бас гидротехниктің еңбек жағдайларына, білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Гидротехникалық кеме қатынасы жүйелері мен ғимараттарды, олардың механикалық жабдықтарын жобалауды, пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
6 (Бас гидротехник)	Жоғары (инженерлік-техникалық) білімі туралы диплом	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес, соның ішінде гидротехник лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес

6-кесте

6. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Шлюз бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасарының еңбек жағдайларына, білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Гидротехникалық кеме қатынасы жүйелері мен ғимараттарды, олардың механикалық жабдықтарын жобалауды, пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар.
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
6 (Шлюз бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары)	Жоғары кәсіптік білімі туралы диплом	Қаржылық-шаруашылық қызметті ұйымдастыру саласындағы жұмыс өтілі 3 жыл

7-кесте

7. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Шлюздің бас инженерінің еңбек жағдайларына, білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Гидротехникалық кеме қатынасы жүйелері мен ғимараттарды, олардың механикалық жабдықтарын жобалауды, пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
6 (Шлюздің бас инженері)	Жоғары кәсіптік білімі туралы диплом	Су көлігі саласының басшылық лауазымындағы жұмыс өтілі 5 жыл

8-кесте

8. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Шлюз бастығының еңбек жағдайларына, білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Гидротехникалық кеме қатынасы жүйелері мен ғимараттарды, олардың механикалық жабдықтарын жобалауды, пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар.
Зиянды және қауіпті еңбек шарты		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
6 (Шлюз бастығы)	Жоғары кәсіптік білімі туралы диплом	Су көлігі саласының басшылық лауазымындағы жұмыс өтілі 5 жыл

«Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды күтіп ұстау» кәсіби стандартына 3-қосымша

КС бірліктерінің тізімі

1-кесте

1. «Гидроқұрылыстарды қадағалаушы» еңбек қызметінің (кәсіптің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Бақылау жүргізуге қатысу арқылы КҚГҚ жағдайын қадағалау

2-кесте

2. «Техник гидротехник» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Бас гидротехниктің басшылығымен КҚГҚ жағдайын қадағалау.
2 Ф	Бас гидротехниктің басшылығымен КҚГҚ жөндеу.

3-кесте

3. «Инженер-гидротехник» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Бас гидротехниктің басшылығымен КҚГҚ жағдайын қадағалау, жинақтау және талдау
2 Ф	КҚГҚ бойынша жобалық құжаттамаларды әзірлеуге қатысу және бас гидротехниктің басшылығымен есептесулерді орындау

4-кесте

4. «Аға гидротехник» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Бас гидротехниктің басшылығымен КҚГҚ (техникалық жағдайын қадағалау) пайдалану
2 Ф	Бас гидротехниктің басшылығымен КҚГҚ жөндеу
3 Ф	Бас гидротехниктің басшылығымен КҚГҚ жобалауға қатысу

5- кесте

5. «Бас гидротехник» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды жобалауды ұйымдастыру
2 Ф	Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды пайдалануды ұйымдастыру
3 Ф	Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды жөндеуді ұйымдастыру
4 Ф	Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды салудың жүзеге асырылуын бақылау
5 Ф	Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды кеңейтудің жүзеге асырылуын бақылау
6 Ф	Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды қайта құрудың жүзеге асырылуын бақылау
7 Ф	Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды пайдалануға берілудің жүзеге асырылуын бақылау

6-кесте

6. «Шлюз бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Шлюзді күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша жоспарларды әзірлеуге қатысу
2 Ф	КҚГҚ бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, өндірістік тазалық және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларына сәйкес, шлюздің өндірістік және әкімшілік ғимараттары мен үй-жайларына шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру
3 Ф	Шлюздің қоймадағы шаруашылық жұмысын, сондай-ақ шаруашылық мақсатқа бөлінген материалдар мен қаражаттардың орынды жұмсалуды ұйымдастыру
4 Ф	Қажетті есептер мен есептік құжаттамаларды жүргізуді ұйымдастыру

7-кесте

7. «Шлюздің бас инженері» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	КҚГҚ техникалық қызмет көрсету және күтіп ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және бақылау
2 Ф	КҚГҚ жөндеу жұмыстарының барлық түрлерін жүргізу кезінде басшылықты жүзеге асыру
3 Ф	Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарға жүргізілген байқаулар мен зерттеу жұмыстарын бақылау, байқау нәтижелерін уақытылы талдау
4 Ф	Шлюздеуге белгіленген уақыт нормалары ішінде кемелерді үздіксіз және қауіпсіз шлюздеуді қамтамасыз етуді бақылау және ұйымдастыру
5 Ф	Ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, энергетикалық жабдықтар механизмдерін пайдалану кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау мен өндірістік тазалық ережелері мен талаптарының орындалуын қамтамасыз ету
6 Ф	Өндіріс тарапынан күрделі жұмыстарға (тұстамасын көтеру, гальсбанттарды тартуды ретке келтіру, екі тұстамалы қақпаны орнату және олардың тіреуіштеріне жапсырма құю, шлюзді модернизациялау кезінде дөңгелек қақпақтармен және басқа да жұмыстармен алмастыру және т.б.) басшылық жасалу
7 Ф	Шлюз қоймасындағы апаттық материалдардың, жабдықтар мен қосалқы бөлшектердің азаймайтын артық қорының бар болуына бақылау жасау

8-кесте

8. Еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі «Шлюз бастығы»

Шифрі	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Кеме қатынасы жағдайына қауіпсіз кіреберіс каналдарды қаржатпен қамтамасыз ету
2 Ф	КҚГҚ техникалық жағдайына ұдайы бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру
3 Ф	КҚГҚ техникалық қызмет көрсетуді (жөндеу, тексерулер, шлюз құрылысы мен оның жабдықтарына және т.б. ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу және т.б.) ұйымдастыру
4 Ф	Кеме жүргізушілерінің КҚГҚ саласындағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарының орындалуына бақылауды ұйымдастыру

5 Ф	Навигациялық кезеңдегі кеме қатынасын тоқтатпай жөндеуші қызметкерлердің тең жүктемесімен және құрылыс барысында жіберілген кемшіліктер мерзімін қысқарту арқылы ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарының жыл бойы орындалуын қамтамасыз етуді жоспарлау
6 Ф	Басшылық бұйрығы бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін ғимараттарды және жабдықтарды пайдаланудан жартылай немесе толықтай шығару
7 Ф	КҚГҚ материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін бақылау
8 Ф	Шлюздің өндірістік және қаржылық қызметіне басшылықты жүзеге асыру, бақылауды ұйымдастыру
9 Ф	Бөлімшелердегі есеп беру мен есептілік бойынша жұмысты уақытылы жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау және есеп беру ақпараттарын дер уақытында ұсыну
10 Ф	Апаттық жағдайлардың алдын алуға бағытталған жұмыстарды үйлестіру
11 Ф	Гидротехникалық құрылыстарды оқшаулау және қауіпті аймақтар мен апат жағдайларды жою бойынша типтік инженерлік-технологиялық шешімдер әзірлемесін уақытылы жоспарлау, ұйымдастыру және басшылық жасау
12 Ф	Жұмысшыларды кәсіби дайындауға, қайта дайындықтан өткізуге, біліктіліктерін арттыруға қажеттілікті уақытылы ұйымдастыру және бақылау
13 Ф	КҚГҚ пайдалану және жөндеу кезіндегі еңбек қауіпсіздігі талаптарының, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың орындалуына жүйелі бақылау жүргізу

Ескертпе: Ф – функция.

«Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды күтіп ұстау» кәсіби стандартына
4-қосымша

КС бірліктерінің сипаты

1-кесте

1. «Гидроқұрылыстарды қадағалаушы» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифрі	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
Ф 1	3 1-1 Бақылау жүргізуге қатысу арқылы КҚГҚ жағдайын қадағалау	БӨА осы режимдегі жұмысының сипаттамалары, өлшеу және бақылау техникасы, өлшеу параметрлерінің әдістері мен құралдары	КҚГҚ	Өзінің жеке тиімділігін ұдайы көтере білу және жақсы нәтижелерге жете білу дағдысы. Орындаушылық тәртіп. КҚГҚ жағдайын қадағалау және бақылау дағдысы	Еңбекті қорғауды қауіпсіздік техникасы, өндірістік тазалық, өрт қауіпсіздігін ережелері мен норм.

2-кесте

2. «Техник-гидротехник» Еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

--	--	--	--	--	--

Шифрі	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
